

Күшін жойған

VI сайланған Алматы қаласы мәслихатының XXXIII сессиясының 2018 жылғы 14 қыркүйектегі № 259 шешімі. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2018 жылғы 11 қазанды № 1503 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 2024 жылғы 28 тамыздағы № 145

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 605-бабына сәйкес VI сайланған Алматы қаласының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Алматы қаласының аумағында сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін ай сайынғы төлемақы мөлшерлемелері осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Алматы қаласының аумағында сыртқы (көрнекті) жарнамаларды орналастырғаны үшін ай сайынғы төлемдер ставкаларын бекіту туралы" IV сайланған Алматы қаласы мәслихатының XIV сессиясының 2008 жылғы 22 желтоқсандағы № 164 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 803 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Алматы қаласы Мәслихатының аппараты осы шешімді әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді, кейіннен ресми мерзімді баспа базылымдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде және ресми интернет-ресурсында жариялауды қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау Алматы қаласы мәслихатының экономика және бюджет жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы С.А. Козловқа және Алматы қаласы әкімінің орынбасары С.А. Мәкежановқа (келісім бойынша) жүктелсін.

5. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі.

*VI сайланған Алматы қаласы
мәслихаты XXXIII сессиясының
терағасы*

*VI сайланған Алматы қаласы
мәслихатының хатшысы*

Б. Садыков

К. Қазанбаев

Алматы қаласы
мәслихатының 2018 жылғы

Алматы қаласының аумағында сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін ай сайынғы төлемақы мөлшерлемелері

Р/с №	Сыртқы (көрнекі) жарнама түрлері	Сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырудың бір жағы үшін төлемақы мөлшерлемелері (АЕК)	
		Ай сайын	
		"A" санаты	"B" санаты
1	2	3	4
1.	Сыртқы (көрнекі) жарнама 2 ш. м-ге. дейін	4	2
2.	Лайтбокстар (сити-форматтағы)	6	3
3.	Ауданы мынадай сыртқы (көрнекі) жарнама:		
3.1.	2-ден 5 ш. м-ге. дейін	10	5
3.2.	5-тен 10 ш. м-ге. дейін	20	10
3.3.	10-нан 20 ш. м-ге. дейін	40	20
3.4.	20-дан 30 ш. м-ге. дейін	60	30
3.5.	30-дан 50 ш. м-ге. дейін	100	50
3.6.	50-ден 70 ш. м-ге. дейін	140	70
3.7.	70 ш. м-ден жоғары	200	100
4.	Шатырусті жарықты сыртқы (көрнекі) жарнама құрылғылары (жарық-динамикалық панно немесе көлемді неонды әріптер):		
4.1.	30 ш. м-ге дейін	30	30
4.2.	30 ш. м-ден жоғары	50	50
5.	Палаткалардағы, тенттердегі, шатырлардағы, бастырмалардағы, қалқа-шатырлардағы, тулардағы, жалаушалардағы, штандарттардағы сыртқы (көрнекі) жарнама:		
5.1.	5 ш. м-ге дейін	1	1
5.2.	5-тен 10 ш. м-ге дейін	2	2
5.3.	10 ш. м-ден жоғары	3	3
	Уақытша типтегі дүңгіршектер мен		

6.	павильондардағы сыртқы (көрнекі) жарнама:		
6.1.	2 ш. м-ге дейін	2	2
6.2.	2-ден 5 ш. м-ге дейін	2	2
6.3.	5-тен 10 ш. м-ге дейін	3	3
6.4.	10 ш. м-ден жоғары	8	8
7.	Жылжымалы жайма жарнама	10	10

Санаттар бойынша Алматы қаласының негізгі алаңдары мен магистральдарының тізбесі:

"А" санаты: Достық даңғылынан бастап "Медеу" мемлекеттік саябағының шекарасына дейін, Достық – Әл-Фараби трассасы, Райымбек даңғылы, Дінмұхамед Қонаев көшесі, Құрманғазы Сағыrbайұлы көшесі, Абай даңғылы, Абылай хан даңғылы, Әл-Фараби даңғылы, Достық даңғылы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, Республика алаңы, "Астана" алаңы, "Самал-1" шағын ауданы, "Самал-2" шағын ауданы, "Самал-3" шағын ауданы, Бауыржан Момышұлы көшесі, Сүйінбай Аронұлы даңғылы, Жұмағали Сайн көшесі, Сәкен Сейфуллин даңғылы, Бекен Жамақаев көшесі, Александр Пушкин көшесі, Тайыр Жароков көшесі, Қаныш Сәтбаев көшесі, Қажымұқан Мұңайтпасұлы көшесі, Ахмет Байтұрсынов көшесі, Ыбырай Алтынсарин даңғылы, Тұrap Рысқұлов даңғылы, Желтоқсан көшесі, Николай Гоголь көшесі, Жібек Жолы даңғылы, Жамбыл Жабайұлы көшесі, Қабанбай батыр көшесі, Қарасай батыр көшесі, Бөгенбай батыр көшесі, Төле би көшесі, Қазыбек би көшесі, Әйтеке би көшесі, Мұқағали Мақатаев көшесі, Бейімбет Майлин көшесі, Өтеген батыр көшесі, Юрий Гагарин даңғылы, Богдан Хмельницкий көшесі, Солтүстік шеңбер көшесі, Абдолла Розыбакиев көшесі, Шемші Қалдаяқов көшесі, Наурызбай батыр көшесі, Климент Тимирязев көшесі, Ораз Жандосов көшесі, Мағазы Масанчи көшесі, Мәншүк Мәметова көшесі, Тұрғыт Озал көшесі, Өмірбек Жолдасбеков көшесі, Малбағар Мендіқұлов бульварі, Иван Панфилов көшесі (Әл-Фараби даңғылынан төмен), Махатма Ганди көшесі, Мұхтар Әуезов көшесі, Әлішер Науай көшесі, Іліяс Жансұғіров көшесі, Федор Шаляпин көшесі, Фани Мұратбаев көшесі, Иса Байзақов көшесі, Манас көшесі, Тарас Шевченко көшесі, автокөлік жолайрықтары, әуежай, автовокзал және темір жол вокзалы, спорттық шаралар және бұқаралық-мәдени демалыс орындары, қалаға кіре берістер мен шыға берістер.

"В" санаты: "А" санатына кірмеген барлық магистральдар, аландар және көшелер.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК